

*Патологиялық анатомияның  
даму тарихы*

# ЖОСПАР

## I Кіріспе

## II Негізгі бөлім

- Көне замандағы патологиялық анатомия;
- Патологиялық анатомия пәні дамуының бірінші кезеңі;
- Патологиялық анатомия пәні дамуының екінші кезеңі;
- Патологиялық анатомия пәні дамуының үшінші кезеңі;
- Патологиялық анатомияның Қазақстанда дамуы;

## III Қорытынды

Патологиялық анатомия – адамдар мен жануарлар организмінде ауруға байланысты дамитын патологиялық процестердің морфологиялық негіздерін зерттейтін ғылым; патология саласында Қазақстанда Патологиялық анатомия саласындағы жүйелі зерттеулер қазіргі ҚазҰМУ-да Патологиялық анатомия кафедрасы ашылғаннан кейін (1933) басталды. Қазіргі кезде Патологиялық анатомия ауру морфологиясын организмдік, органдық (ағзалық), тіндік, клеткалық және клеткаішілік деңгейлерде зерттей алады.

Патологиялық анатомияның зерттеу әдісіне: аутопсия (мәйіт), биопсия және тәжірибелік әдіс жатады. Соңғы әдіс Патологиялық анатомияда жиі қолданылады. Мысалы, қатерлі ісік тудырушы (канцерогендік) заттардың, аса улы химикалық қоспалардың, қоршаған ортаның зиянды әсерлерін осы әдіспен анықтайды. Патологиялық анатомияның басты әдісі мәйітті жарып көру деп есептесек, тарихи кезеңдерге қарағанда, осыдан 4,5 мың жыл бұрын Қытайда, Египетте өлікті бальзамдау үшін осы әдісті қолданғаны белгілі. Бірақ та дам денесін жарып көру адам денесінің құрылысын жете білу үшін суретшілер тарапынан ғана пайдаланылған болатын.

Діни көзқарастарға байланысты адам мәйітті жарып көрген адамдардың өлім жазасына кесілуі қаупі болғандықтан, негізгі анатомиялық өзгерістер әртүрлі жануарларды тексеру нәтижесінде анықталды. Ол кездегі студенттер анатомияны түн жамылып, көмілген өліктерді қазып үйренуге тура келді немесе сол заманда өлікті ұрлап сатуды кәсіп қылған адамдардың (рессурекционистердің) қызметін пайдаланды. Дегенмен, XVIII ғасырдың басында-ақ кейбір ауруханаларда жарып көру әдісінауру өлімінің себептерін анықтау мақсатында кеңінен қолдана бастады. Россияда осы жұмыстар әскери ауруханада I Петрдің рұқсаты бойынша 1706 жылдан бастап жүргізілді. россия императоры анатомия музейіне тек өліктерді жарып көруді көзімен көру үшін ғана келмей, өзң де осы іске ынта салып қатынасқаны жөнінде көптеген деректер бар. Осылайша жекешелеген зерттеулер негізінде патологиялық анатомияның іргетасы қалаана бастады десек, оның өз алдына блініп, медицина саласының жеке бір пәні ретінде тарихи Италия анатомы **Джованни Батиста Морганьи (1682-1771)** «Аурулардың анатом анықтаған даму орны мен себептері» деген еңбегінің (1761) жарық көруімен басталды. Морганьи өзінің зерттеулері негізінде жңне басқа да мәліметтерді пайдалана отырып, мәйітті жарып көрудің клиникада қаншалықты қажеттілігін, патологиялық анатомияның клиникалық пәндер арасындағы орнын алғаш рет ашып көрсетті.



Джованни Батиста Морганьи  
(1682-1771)

Морганьидің басқа зерттеушілерден өзгешелігі – ол өз жұмысында әрбір аурудың клиникалық белгілерін, жарып көру кезіндегі табылған анатомиялық өзгерістермен салыстыра зерттеді, көптеген белгілі аурулардың (бауыр церозының, бүйрек тасы ауруының, қатерлі ісіктердің және т.б.) анатомиялық көріністерін жазудың тамаша үлгісін көрсетті.

Патологиялық анатомияның дамуындағы екінші бір кезеңі Вена ғалымы Карл Рокитанскийдің (1804-1878) атымен байланысты. Осы ғалымның «Патологиялық анатомияның жеке бөлімі бойынша нұсқау» деген көлемді еңбегінде 60 мыңнан астам мәйіттерді жарып көру негізінде жазылған, онда қазіргі кездегі белгілі көптеген патологиялық процесстердің көрініс-белгілерін анықталған. Бұл еңбекті ғылыми-теориялық тұрғыдан сынауға болғанмен, оның мол анатомиялық материалдары патологиялық анатомияны жеке пән есебінде және бір сатыға көтерді десек қателеспейміз. Медицинада микроскоптық тексерулердің кеңінен қолданылуы патологиялық анатомияның да өте тез дамуына себеп болды. Осы жаңа дәуірдің ең белгілі ғалымы **Рудольф Вирхов (1821-1902)** барлық аурудың негізінде клетка патологиясы жатады деген даналық пікірге сүйеніп, өзінің «Целлюлалық (клеткалық) патология» деген ұлы еңбегін жазды (1858).



**Рудольф Вирхов  
(1821-1902)**

Р.Вирховтың бұл еңбегі тек патологиялық анатомияның ғана емес, тіпті бүкіл медицинаның дамуында прогрессивті рөл атқарды. Осы кезеңде Россияда да патологиялық анатомия өз алдына отау тігіп шыға бастады.

1849 жылы Москва университетінде алғаш рет патологиялық анатомия кафедрасы ашылды, кафедраның меңгерушісі профессор **А.И.Полунин (1820-1888)** мәскеулік патолог анатомдар мектебінің іртасын қалаушысы болып есептеледі. Кеңес дәуірінде осы мектептен белгілі академиктер **А.И.Абрикосов, И.В.Давыдовский, М.А.Скворцов, А.И.Струков, Н.А.Краевский** және басқалар шыққан. Петербургтің медициналық-хирургиялық академиясында патологиялық анатомия кафедрасы 1859 жылы жеке бөлініп шықты. Петербург мектебінің негізін салушы **М.М.Руднев (1837-1879)** болатын. Осы мектептен шыққан белгілі ғалымдар қатарына **Г.В.Шор, В.Г.Гаршин, В.Д.Цинзерлинг** және басқалар кіреді. Кейінірек патологиялық анатомия кафедралары Қазанда, Харьковте, Томскіде және де басқа қалаларда ашыла бастады.

Патологиялық анатомияның Қазақстанда дамуы кеңес дәуіріне тура келеді. Алматы мемлекеттік медицина институтында патологиялық анатомия кафедрасы 1933 жылы ашылды.





**А.И.Полунин  
(1820-1888)**

1938 жылдан 1969 жылға дейін осы кафедраны, Харьков мектебінің түлегі, **проф. П.П.Очкур** басқарды. Қазақстанда патологиялық анатомияның негізін қалаушы осы кісі болды. П.П.Очкурдың оқушылары, профессорлар **С.Ф.Серов, Х.С.Нугманова, Н.И.Колычева, М.Л.Ефимов, Л.П.Царевский** осы күні Қазақстандағы патологиялық анатомия кафедраларын, лабораторияларын басқарып келеді. Патологиялық анатомия саласында медицина ғылымдарының докторы атағын алған өз бауырларымыздың саны да көбейіп келеді. Олар **А.С.Толыбеков, И.С.Иржанов, М.Рысұлы, С.Г.Ахметқалиев.**

Патологиялық анатомияның Қазақстанда жеке ғылым себінде ары қарай дамуы медицина және ветеринария институттарының кафедралардың және қылыми зерттеу институттарындағы ірі лабораториялардың жұмыстарына байланысты.

Қалалық және аудандық әрә ауруханаларда орталық патолого-анатомиялық лабораториялар ашылған, қазіргі уақытта қалалық және патологиялық анатомия бөлімдері біріктіріліп, патологиялық анатомия бюролары құрылуда. Бұл патологоанатомдардың аурухана әкімшіліктеріне тәуелділігін біржола жойып, емдеу-диагноздау процесін дербес бақылауға, олардың сапасын арттыруға, осымен қатар ғылыми және педагогикалық жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік беріп отыр.